

БЕКІТЕМІН  
№9 «Бәйтерек» бөбекжайы  
МКҚК директоры

Титанова М.Ү  
2020ж

### 2020-2021 оқу жылындағы «Қарлығаш» МАД тобының

#### Ата- аналар жиналысының хатамасының жылдық жоспары.

**Мақсаты:** Ата – аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын жетілдіру, оқыту бағдарламаларын меңгеру, алдағы міндеттерді педагогикалық ұжыммен бірге шешу.

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	<b>№1 ата- аналар жиналысы:</b> 1.Карантин режиміне байланысты балабақшаның жұмыс тәртібімен таныстыру. Онлайн. Балалардың қашықтықтан оқуға қатысын қадағалау. 2.Ата-аналар комитетін сайлау. 3.Әртүрлі мәселелер	18.09:2020ж	Тәрбиешілері: Избасарова А. Ермекова Ж. Медбике: Смагулова Ж.
2	<b>№2 ата- аналар жиналысы:</b> 1.Кезекші топ балаларының ата-аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы түсінік жұмыстарын жүргізу. 2.Әртүрлі мәселелер	16.09.2021ж	Тәрбиешілер: Избасарова А. Ермекова Ж. Медбике: Смагулова Ж.
3	<b>№3 ата- аналар жиналысы:</b> 1.Баяндама «Ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі маңызы» 2. «Балабақшаны көгалдандырайық» 3. Кеңес «Бала тәрбиесінің оң ережесі	02.03.2021ж	Тәрбиешілер: Избасарова А. Ермекова Ж. Әдіскер: Шангреева Айнұр. Медбике: Смагулова Ж.
4	<b>№4 ата- аналар жиналысы:</b> 1.Тренинг: «Ата-ана сөзі – тәрбие көзі» 2.Баланың білім деңгейінің қорытындысы 3.Ата-аналар комитетінің есебі 4.Әр түрлі мәселелер	21.05.2021ж	Әдіскері: Шангреева А Медбике: Смагулова Ж. Топ тәрбиешісі: Избасарова А. Ермекова Ж Психолог: Ибадуллаева М.

**№ 9 «Бәйтерек» балабақшасының «Қарлығаш» МАД тобының ата-аналар жиналысы**

**№ 1 Хаттамасы**

**18.09.2020ж**

Ата – аналар жиналыс онлайн түрінде өткізілді.

**Қатысқандар :**

балабақша тәрбиешілері: Избасарова А. Ермакова Ж.

ата – аналар 15.

Барлығы:17

**Күн тәртібінде**

1. Қазіргі таңдағы әлемде болып жатқан пандемияға байланысты балабақшадағы жұмыс барысының өзгерістері.Қауіпсіздік ережелері,санитарно-эпидемиялогиялық іс шаралар жоспарымен таныстыру.
2. Кезекші топтың және қашықтықтан оқыту туралы түсініктеме берілсін.
3. Әр түрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Эпидемиялогиялық талаптарға байланысты ата-аналар жиналысы онлайн режимінде өткізілді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Избасарова Алтын балабақшадағы жұмыс барысының өзгерістері туралы мәлімет берді.Қауіпсіздік ережелері қатаң сақтап, балабақшада кезекші топты ашу үшін санитарно-эпидемиялогиялық талаптарды қатаң ұстау керектігін, шаралар уақтылы өткізуі бойынша түсіндірілді. Екінші мәселе де қаралған балабақшада кезекші топтарды және қашықтықтан оқыту бойынша түсініктеме берді.

Ата-аналарға Коронавирус инфекциясының алдын алу шаралары және алгоритімі туралы ақпарат берілді. Балалардың денсаулығын қадағалау мақсатында ата-аналармен тығыз байланыста болу, талаптарды қатаң сақтау талап етілді.

**Шешім:**

1. Ата-аналармен балалар қауіпсіздік ережелері, санитарно-эпидемиялогиялық іс-шаралды талаптарын қатаң сақтансын.
2. Кезекші топқа келетін балалардың өтініштрі берілсін.
3. Қашықтықтан оқыту кезеңінде ватсап желісі арқылы оқу қызметтері бойынша кері байланыс жасалсын.

**№ 9 «Бәйтерек» бөбекжайы «Қарлығаш» МАД тобының ата-аналар жиналысы**

**№ 2 Хаттамасы**

16.01.2021

**Қатысқандар:**

**Топ тәрбиешілері:** Избасарова А. Ермакова Ж.

**Медбике:** Смагулова Ж. Т

**Ата- аналар: 11**

**Барлығы: 14**

**Күн тәртібінде:**

- 1.Кезекші топ балаларының ата- аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы түснiк жұмыстарын жүргiзу
- 2.Әртүрлi мәселелер

**Тыңдалды:**

Бiрiншi мәселе бойынша онлайн WHATSAPP желiсi арқылы бөбекжай медбике Смагулова Жапырақ кезекшi топ балаларының ата- аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы түснiк жұмыстарын жүргiздi. Бетперде тағып жүру мiндеттелдi, артық екi бетперде берiп жiберу туралы айтылды. Қолды жиi жуып, антисептик шашу, тазалық сақтау.

Әртүрлi мәселелер бойынша топ тәрбиешiсi Избасарова А. сөз алды. Жиналысқа қатысушы ата- аналармен өздерiн таныстырып, осы топтың тәрбиешiлерi болатынын айтты. «Карантин iндетiне байланысты жадыннамамен таныстыру, Пандемиялық жағдайға байланысты жалған ақпарат таратудан сақ болу» туралы кеңестер берiлдi, слайдпен көрсетiлiп өттi, топ тәрбиешiсi ата- аналарға баламен сөйлескенде қандай көңiл күйде тұрса да эмоциясын тежеп, сабырлы болу керектiгiн айтты.

**Жарыс сөз:** Ата- ана: Толепбергенова Замирасөз алды. Сiздер шақырсаңыздар бiздер келiп немесе онлайн режимiнде қолымыздан келгенiнше қол ұшын беруге дайынбыз. Бұл ойларыңыз дұрыс екен,- дедi. Осылай әр ата- ана өз пiкiрлерiн айтты

**Шешiм:** Медбике Смагулова Жапырақ кезекшi топ балаларының ата- аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы қанағаттанарлық деп танылсын. Карантин iндетiне байланысты жадыннамамен таныстыру, баланың өмiрi мен денсаулығын нығайту жұмыстары күшiне енсiн.



**№ 9 «Бәйтерек» бөбекжайы «Қарлығаш» МАД тобының ата-аналар жиналысы**

**Хаттама №3**

02.03. 2021ж

**Қатысқандар:**

**Әдіскер:** Шангреева Айнұр

**Топ тәрбиешілері:** Избасарова А. Еркемова Ж.

**Ата-аналар:** 17

**Барлығы:** 19

**Күн тәртібінде:**

1. Баяндама «Ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі маңызы»
2. «Балабақшаны көгалдандырайық»
3. Кеңес «Бала тәрбиесінің оң ережесі»

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Еркемова Ж. Б. ата-аналарға «Ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі маңызы» тақырыбына баяндама оқыды. Ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі маңызы зорекендігін айтып өтті. Балалардың бойында ұлттық тәрбиені нығайту, ата-ана және тәрбиешінің бірлесуімен жүзеге асатынын түсіндіріп өтті.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері, ата-аналарымен бірлесіп топтағы «Табиғат бұрышы» көркейту мақсатында іс-шаралар жүргізу керектігін айтты. Бұл мәселе бойынша ата-аналар өз көмектерін көрсететіндігін айтты.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Шангреева А оқыды. «Бала тәрбиесіндегі он ережесінің» маңыздылығын айтты.

Кеңес «Бала тәрбиелеудің он ережесі»

1. Балаңды сүй! Яғни оның қасында барына қуан, ол өзі қандай болса солай қабылдаоны қорлама оны жәбірлеме, оны өзіне деген сенімділігінен айырма оны нақақтан жазалама, сені жақсы көруіне жағдай тудыр.
2. Балаңды қорға! Яғни оны жаны мен тәніне қауіпті нәрселерден сақта тіпті-егер қажет болса жеке мүдделеріңді құрбан етіп басыңды қатерге байлай отырып қорға.
3. Балаңа жақсы үлгі бол! Оның бойына дәстүрлі құндылықтарға деген құрмет сезімін дарыт өзің десол құндылықтарға сәйкес өмірсүр балаға жауапкершілік сезіммен қара. Балаға үй іші тату қарттарын құрметтеп жақсы көретін барлық туған-туысқандарымен және досжарандарымен етене жақын әрі шынайы байланыста болатын отбасы ошақ қасы керек. Бала адалдық, кішіпейілділік, жарастық ұялаған отбасында өмір сүруге тиіс. Ата-ананың ерлі-зайыптылық адалдықты бұзуы, көре алмаушылықты, арыздық жолмен баю, балаға принципсіз байланыстар арқылы қандай да болсын пайда келтіру жәнәт. б. осының бәрі елдің ертенгі азаматының моральдық бейнесіне мейлінше әсерететін «үлгі» құрайды.
4. Баламен ойна! Яғни балаңа қажет уақыт ажырат, оған қалай сөйлеп қалай ойнау ұнаса, солай сөйлеп, солай ойна, оның ойындарына шындап демеп қой, оның ұғым-түсініктер әлеміне бейімдел.
5. Балаңмен бірге еңбектен! Балаң жұмысқа қатысқысы келгенде, оны демеп жібер. Балаң өскенде шаруашылық қажетті барлық жұмыстарға қатыстырып үйретіп қолы бос кездері

каникул уақытында мектеп ұйымдастырған іс-қызметтүрлеріне қатысуға тиіс.  
6. Баланың оңай болмаса да өз бетімен өмірлік тәжірибе алуына жол көрсет. Бала өз басынан өткерген тәжірибені ғана мойындайды. Сенің жеке тәжірибелігің бала үшін көп жағдайда құнсыз болып шығады. Оған өзінің жеке тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік бер тіпті бұл белгілі тәуекел мен байланысты болған күнде солай істе. Шамадан тыс қорғаштаған қауыптың қай-қайсысында «қамсыздандырылған» бала көп жағдайда әлуеттік мүгедекке айналады.

7. Балаға адамдық бостандықтың мүмкіндіктері мен шектерін көрсет ата-анасы баланың алдымен әрқайсысының дарындарымен ерекшеліктеріне сәйкес адамның жеке басының дамуы мен тұлғалануының тамаша мүмкіндіктерінашуға тиіс. Сонымен бірге ол кез-келген адам отбасында ұжымда және жалпы қоғамда өз әрекеттерінің белгілі бір шектерін мойындауы және сақтауы тиіс көрсету қажеті заңды ұстану және өмір салты ережелерін сақтау

8. Баланы тіл алғыш етіп үйрет! Ата-анасы баланың мінез құлқын қадағалап отыруға және оның іс-қылықтарының өзі де басқа да нұқсан келтірмейтіндей етіп бағытап отыруға міндет.

9. Баладан пісіп-жетілу сатысына және өзіндік тәжірибесін есәйкес шама-шарқы жететін пікірлер мен бағаларды күт! Бала осыншама күрделі дүниеде бағдар жасап үйренгенше, оған ұзақ уақыт қажет. Оған қолынан келгенше көмектес.

10. Балаға еске түсүруне болатын құндылыққа ие әсерлерді басынан кешіруге мүмкіндік бер! Бала да үлкендер сияқты, әсерлермен қоректенеді. Олар балаға басқа адамдардың өмір тіршілігімен және айналасындағы дүние мен танысуға мүмкіндік береді.

Жарыс сөз:

Ата-ана Толепбергенова Замира өз сөзінде тәрбиешілерге «табиғат бұрышын» көркейтуде көмектесетінін айтты. Барлық ата-аналарға бірлесіп көмектесуді ұсынды. Ата-аналар бір ауыздан келісті.

Шешім:

1. Тәрбиеші: Ермекова Ж «Ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі маңызы» атты баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Бала бақшаны көгалдандыруға қатысты тапсырмалар орындалсын.


3. Әдіскер: Шангреева А «Бала тәрбиесінің он ережесі» атты кеңесі қанағаттанарлық деп танылсын.


Көктем мезгіліндегі іс-шаралар жоспарлы түрде жүргізілсін.

Карантин індетіне байланысты жадыннамамен таныстыру, баланың өмірі мен денсаулығын нығайту жұмыстары күшіне енсін.


Барлығы бір ауыздан келісті

**Қатысқандар:**

Балабақша әдіскері:  Шангреева А

Медбике:  Смагулова Ж

Хатшы:  Ермекова Ж

Ата-ана:  Толепбергенова Замира .



**№ 9 «Бәйтерек» бөбекжайы «Қарлығаш» МАД тобының ата-аналар жиналысы**

**Хаттама №4  
21.05.2021ж**

**Қатысқандар:**

Балабақша әдіскері: Шангреева А  
Медбике: Смагулова Ж  
Топ тәрбиешісі : 2  
Ата-аналар : 21  
Барлығы:25

**Күн тәртібінде:**

- 1.Тренинг: «Ата-ана сөзі – тәрбие көзі»
- 2.Баланың білім деңгейінің қорытындысы
- 3.Ата-аналар комитетінің есебі
- 4.Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселебойынша бөбекжай психолгы Ибадуллаева М ата-аналрмен «Ата-ана сөзі – тәрбие көзі» атты тренинг өткізді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі: Ермекова Ж балалардың білім деңгейін қортындылады. Жыл басымен салыстырғанда, өте жақсы екенгдігін айтты. Білім деңгейі өте жоғары болған балаларды атап өтті. Ата-аналарға балалардың барлығы да бірдей, бірақ әр баланың қызығушылығы әр түрлі екенін ескертулерін айтты.

Үшінші мәселе бойынша ата-ана комитетінің төрайымы Толепбергенова Замира сөйлейді. Балабақшаға жыл бойына ата-ана тарапына берілген көмектерін айтып, бұл шаралардың өз балаларына берілген көмек деп білетінін айтып өтті. Ата-аналарға алғыс айтып, алдағы күндерде де, бұл шаралар жалғасын табатынын айтты.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші: Ермекова Ж оқу жылының аяқталғанын айтып, балалардың жыл бойы оқу қызыметтерге, ашық сабақтарға жақсы белсенді қатысқандарын айтты. Осы оқу жылы барысында балалардың тілдері дамып, ойлау қабілеттері, сөздік қоры кеңейді деп білеміз.

Тақырыбы: «Ата-ана сөзі тәрбие сөзі»

Мақсаты: қазіргі кездегі баланың дамуына жеке тұлға болып қалыптасуы ата-ана тәрбиесінің әдіс тәсілдерінің жетілдіре отырып қарым-қатынас орнату және ұлттық сананы бойына сіңіру. Ата-аналардың балабақшамен тәрбиешімен тығыз байланысын арттыру. Балалармен бірге мейрімділікке ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала тәрбиелеу сапасына да болса жоғарылауына ықпал ету.  
Әдістері: пікір алмасу, сұрақ-жауап, сауалнама, психологиялық жаттығу

Тренинг бағдарламасы:

1. «Танысу» жаттығуы
2. Топқа бөлу
3. Ой жинақтау

4. «Жанұя ойыны» сергіту жаттығуы
5. Ситуациялық сұрақтар
6. Тест «Бала тәрбиесі»
7. «Ашық айтсам» анкетасы
8. Қорытынды

Сәлеметсіздер ме құрметті ата-аналар! Бүгінгі біздің «Ата-ана сөзі тәрбие көзі» атты тренинг-сабағымызға қош келдіңіздер !

#### 1.Танысу жаттығуы

Ата-аналар шеңбер бойымен тұрып әрқайсысы өзінің есіміне сын есім қосып және өз бойындағы үш қасиетін кезекнен айтып шығады. Өмірлік ұстанымын да айтады. Талқылау Қандай әсер алдыңыздар? Не қиындық келді?

#### 2. Топқа бөлу

Ата-аналар сол тұрған күйінде түрлі түсті гүлдерді тандайды. Түстер бойынша топ құрып үстелдерге жайғасып отырады.

#### 3. Ой жинақтау

Екі топқа тақырып беріледі. Ата-аналар сол бойынша өз ойларын ортаға салады

1.топ Балаларды теріс әрекеттері үшін жазалаудың түрлері.

2.топ Бала үшін тәрбиеші мен ата-ана арасында қандай байланыс болу керек?

#### 4 «Жанұя ойыны» сергіту жаттығуы

1. Балаңыздың туған күні?

2. Тәрбиешісінің толық аты-жөні?

3. Балаңыз қандай өлшемде аяқ киім киеді?

4. Балаңыздың сүйікті асы қандай?

5. Балаңыз қандай түсті жақсы кореді?

6. Балаңыз спортты қандай түрін жақсы кореді?

7. Балаңызды қандай еркелеттетін сөздер айтасыз?

8. Балаңызға ашуланғанда ең алдымен аузыңызға қандай сөз түседі?

9. Балаңыздың ең жақын досы кім?

Ата-аналар ортаға шығып берілген сұрақтарға жауап береді

#### 5. Ситуациялық сұрақтар

Ата-аналар үстел үстінен үлестірмеді қағаздарды бөліп алып сұрақтарға жауап береді

1. Балаңыздың өнері қандай да бір іске қызығушылығы бейімділігі байқалса не істер едіңіз?

2. Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер Мысалы: түн неге қараңғы, күн қалай кетті, ұшақ қалай ұшады..... деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп сіздің балаңызда сондай сауалдарды көп қоятын болса жауап беруге тырысасыз ба, әлде елеусіз қалдырасызба?

3.Сізге балабақшадан тәрбиешіден « Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылады. Тағы көрші ата-аналардан да «Біздің баланы



ұрды» деген сөз естуге тура келді дейік Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

4. Кейбір ата-аналардың баласының әрбір іс-әрекетіне көңілі толмай сала алмайсың сен істей алмайсың деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?
5. Балаңыздың тәртібі жайлы білгіңіз келіп балабақшаға келіп тұрасыз. Тәрбиешісі сізді қабақ ашулы түрде қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?
6. Балаңыз қандайда бір теріс іс-әрекеттер көрсетсе сіз қандай шара қолданасыз?
6. Сауалнама: «Сіз қандай ата-анасыз?»
1. Кез келген ісіңізді тастай салып бала мен айналыса аласызба?
2. Балалардың жасына қарамай онымен ақылдаса аласызба?
3. Баланызбен қарым-қатынас барасында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?
4. Өзіңіздің қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсызба?
5. Балаңыз жасаған іс ашуландырған кезде өзіңізді ұстап ашуды жеңе аласызба?
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласызба?
7. Бір сәтке сізге мейрімді адам деп сенуге болама?
8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдайды айтасыз ба?
9. Балаңыздың жүрегін жарақатайтын сөздерді сөйлем тіркестерін атамауға тырысасызба?
10. Баланызға уәде беріп жақсы мінез-құлқын ескере отырып уәдеңізді орындайсызба?
11. Балаға қалаған ісін жасауға өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз ба?
12. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе себепсіз ренжітсе көңіл аудармайсыз ба?
13. Балаңыздың көз жасы дөрекі еркелеуі екенін білесіз соған қарсы тұра аласызба?

Жауабы:

1. Әрқашан жасаймын келісемін 3 балл
2. Кейде ғана келісемін 2 балл
3. Келісемін 1 балл

Сауалнаманы бағалау өлшемдері.

10-16 Бала тәрбиесі – сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін дұрыс педагог немесе психолог мамандардың көмегіне сүйеніңіз.

16-30 Балаға қамқорлық жасау – бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тәрбиешілік қабілет бар бірақ тәжірибеде әрқашан бір қалыпты бір бағыттағы мақсатпен ірекет етесіз кейде катал кейде мүлдем жұмсасыз. Сізге жауапкершілікпен ойлану керек.

30-39 Бала сіздің өмірің үшін ең құнды болғаны. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай,



әрі ойын тануға сыйлы көзбен қарауға тырысасыз.

**7. «Ашығын айтсам»**

Ата-аналарға төмендегідей бланкілер таратылып толтырылады

Менің тренинг барысында үйренгенім-----

Бәріненде маған мына жаттығу ұнады-----

Жүргізушіге ұсыныс-----

Маған ең пайдалы құнды болған-----

Мен бұдан да ашық шынайы болар едім егер-----

Маған ұнамағаны-----

Ең жақсы ұнағаны-----

Келесі тренингте мен келесі жайттарды білгім келеді-----

Тренинг жүргізуші сізге ұнадыма-----

Тренинг жүргізушінің орнында мен болсам-----

Тренингті қорытындылау-----

Қолы-----


Жарыс сөз: Ата-ана Толепбергенова Замира өз сөзінде тәрбиешілерге «табиғат бұрышын» көркейтуде көмектесетінін айтты. Барлық ата-аналарға бірлесіп көмектесуді ұсынды. Ата-аналар бір ауыздан келісті.


Шешім:


1. Тренинг: «Ата-ана сөзі – тәрбие сөзі» өткізілсін.
2. Балалардың білім деңгейінің қорытындысы қадағалансын.
3. Ата-аналар комитетінің есебі.
4. Әр түрлі мәселелер.

Барлығы бір ауыздан келісті.

Қатысқандар:

Психолог:  Ибадуллаева М

Медбике:  Смагулова Ж

Хатшы:  Ермекова Ж